ҒЫЛЫМСЫЗ АХИРЕТ ТЕ ЖОҚ, ДҮНИЕ ДЕ ЖОҚ... (АБАЙ)

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының газеті

# ЖАС Ұрпақ

№ 03 (93), 2023 ж. қыркүйек

# БІЛІМ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРА



*2023 жылдың 1 қыркүйегінде А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында білім күніне арналған жиын өтті.*

Қатысушыларды институт ректоры, профессор А.Ж. Исмаилов жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа оқу жылына табыс тіледі.

Сондай-ақ, институт оқытушылары мен студенттерін әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректор, профессор С.С. Оспанов, ғылым және оқу жұмысы жөніндегі проректор, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.Ә. Ахметов, тәрбие жұмысы жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Я.Н. Оспанова, институт деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Т.Н. Кемайкина, шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Л.В. Волкова, педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Н.Т. Нығыманова құттықтады.

Жоғары курстардың атынан «Жылдың үздік студенті-2023» номинациясының жеңімпаздары, студенттік өзін-өзі басқару көшбасшылары Дархан Асқаров мен Диана Мукушева бірінші курс студенттеріне жылы лебіздерін білдірді.

Сондай-ақ, шара барысында 2022-2023 оқу жылында оқуда, ғылымда, қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытқан оқытушылар мен студенттер арнайы дипломдармен марапатталды. Атап айтсақ, ПП-21-01 академиялық тобының студенті Д. Асқаров, ИЯ-20-01 академиялық тобының студенті В. Горленко, ШТ-21-01 академиялық тобының студенті Д. Мукушева, Ф-20-01 академиялық тобының студенті Г. Абдибекова ҚР Президент стипендиясының иегері атанды. «Жылдың үздік студенті-2023» номинациясы бойынша ПП-21-01 академиялық тобының студенті Д.Асқаров, Ф-20-01 академиялық тобының студенті Г. Абдибекова, ШТ-19-01 академиялық тобының студенті А. Акпишева, «Жылдың үздік кураторы – 2023» номинациясы бойынша Ф-22-01, ФТ-22-01, Ф-19-01 академиялық топтарының кураторы, экономикалық және математикалық пәндер кафедрасының доценті Б.Б. Мажитова, шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы, ШТ-22-01 академиялық тобының кураторы А.Н. Ергалиева, заң пәндері кафедрасының аға оқытушысы, ЮК-20-01 академиялық тобының кураторы А.Э. Тортаева, «Жылдың үздік оқу тобы – 2023» номинациясы бойынша БО-21-01 академиялық тобы (куратор Н.А. Кударова, староста А. Омарова); Қ-21-01 академиялық тобы (куратор Ж.Д. Дәулетханова, староста А. Аманжолова); ҚТ-20-01 академиялық тобы (куратор Г.С. Райнбекова, староста Ж. Рахматулла); ЮР-21-01 академиялық тобы (куратор Г.А. Канафина, староста Т. Кустаубаева), «Үздік жас оқытушы – 2023 жыл» номинациясы бойынша философия докторы (PhD), қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті Мөлдір Аманғазықызы, «Жылдың үздік старостасы» номинациясы бойынша Т-22-01 академиялық тобының студенті Нұрай Тілеккабылқызы марапатталды. Ректор атынан тағайындалған арнайы гранты Н. Жәркен (тегін оқу гранты), В. Понамарев (оқу ақысына 50% жеңілдікпен оқу), Ару Адай (оқу ақысына 25% жеңілдікпен оқу) жеңіп алды.

Іс-шараның соңында оқу орнының негізін қалаушы А.Қ. Құсайыновтың мемориалдық тақтасына гүл шоқтары қойылды.

Я.Н. Оспанова,
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,
тәрбие ісі жөніндегі проректор



## Студенттік өмір шежіресі

### Тамыз

**25 тамызда** А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында ЕАГИ ректоры грантының ұтыс ойыны өтті.

### Қыркүйек

**1 қыркүйекте** А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында білім күніне арналған жиын өтті.

**2 қыркүйекте** Студенттер үйінде институттың әлеуметтік-экономикалық жұмыстар жөніндегі проректоры С.С. Оспанов, тәрбие ісі жөніндегі проректор Я.Н. Оспанова, декан Т.Н. Кемайкина, медицина қызметкері С.С. Рахметова, студенттер үйінің педагог-тәрбиешісі Б.Ш. Кадрина, ЕАГИ психологиялық қызметінің психологы А.Б. Мусиев, Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы А. Әбілдинаның қатысуымен кеңейтілген жиналыс өтті.

**6 қыркүйекте** институттың психологы А.Б. Мусиев және «Сенім» атты студенттерді психологиялық қолдау клубының жетекшісі А. Маратова (ШТ 22-01 академиялық тобы) студенттер үйінде тұратын білім алушыларға «Танысу» тақырыбы бойынша тренинг өткізді.

6В01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті Ләззат Джембай Астана қаласы әкімінің мектеп түлектеріне арналған салтанатты жиынына қатысып, елорданың жоғары оқу орындарында тегін оқу үшін әлеуметтік көмек көрсету сертификатымен марапатталды.

**1- 6 қыркүйекте** институтта бағдарлау апталығы өтті. Оның шеңберінде ЖОО басшылығы мен әкімшілігінің, қолдау қызметтерінің басшыларының, академиялық топтардың кураторларының, эдвайзерлердің және студенттік өзін-өзі басқару көшбасшыларының бірінші курс студенттерімен кездесулері өтті.

**9 қыркүйекте** институт студенттері, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде шетел суретшілерінің картиналарының көрмесімен танысты.

**12 қыркүйекте** шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы А.М. Сарсенова «Шетел тілі: екі шетел тілі» (ШТ-22-01 академиялық тобы) білім беру бағдарламасының 2 курс студенттеріне «Ученье – свет, а не ученье – тьма» тақырыбында кураторлық сағат өткізді.

**13 қыркүйекте** шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы А.М. Сарсенова «Шетел тілі: екі шетел тілі» (академиялық тобы ШТ-22-01) білім беру бағдарламасының 2 курс студенттеріне «Отбасы және отбасы құндылықтары» тақырыбында кураторлық сағат өткізді.

**14 қыркүйекте** ЕАГИ психологиялық қызметінің басшысы А.Б. Мусиев және «Сенім» студенттерге психологиялық қолдау көрсету клубының жетекшісі А. Маратова (ШТ-22-01 академиялық тобы) Студенттер үйінде «Біз біргеміз» тақырыбында тренинг өткізді.

**15 қыркүйекте** «Құқықтану» білім беру бағдарламасының 2 және 3 курс студенттері (ЮРТ-22-01, ЮР-21-01 академиялық топтары) «Адалдық сағаты» іс-шарасына қатысты.

**15 қыркүйекте** Педагогика, экономикалық және математикалық пәндер кафедрасының студенттері «Адалдық сағаты» іс-шарасына қатысты.

**16 қыркүйекте** «Жасыл Астана» жыл сайынғы күзгі экологиялық айлығы шеңберінде қысқа кезеңге дайындық бойынша жалпы қалалық сенбілік өтті, оған институттың оқытушылары мен студенттері қатысты.

**15-17 қыркүйекте** «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 1 курс студенті (ППТ-23-01 академиялық тобы) А. Бабанская ComicConAstana 2023 фестиваліне қатысты.

**19 қыркүйекте** ЮР-20-01 академиялық тобында («Құқықтану» білім беру бағдарламасы 4 курс) «Халықаралық дағдарыс жағдайында заманауи мемлекет құру үлгілерінің мәселелері» ойын кейсімен таныстырылды.

**19-20 қыркүйекте** Студенттік Парламенттің «Өзін-өзі тану» фракциясының белсенділері «Бункер» пікірталас ойынын және «Мафия» детектив сюжеті психологиялық рөлдік ойынын ұйымдастырды.

**22 қыркүйекте** экономикалық және математикалық пәндер кафедрасы «Қаржы», «Педагогика», «Шетел тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламаларының студенттері үшін практик-коуч психолог Г.К. Акашеваның қатысуымен «Ер мен әйелдің қарым-қатынасы» тақырыбында семинар өткізді.

Жаңалықтарды дайындаған ЕАГИ
баспасөз орталығының басшысы
Т.Г. Қалиасқарова

# «Өз отыңды өшірме»




***Оралхан Бөкей (1943-1993) – қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург. Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданына қарасты Шыңғыстай ауылында дүниеге келген.***

Оралхан Бөкейдің шығармалары: «Үркер», «Қайдасың қасқа құлыным», «Мұзтау», «Ұйқым келмейді», «Үркер ауып барады», «Атау кере», «Қар қызы», «Кербұғы», «Жасынның ізі», «Ән салады шағылдар», «Сайтан көпір», «Зымырайды поездар», «Кісікиік», т.б. шығармалары бар.

Мұнымен қатар қаламгер туындылары неміс, словян, болгар, ағылшын, венгер, араб, қытай, жапон тілдеріне аударылды.

Оралхан Бөкей – көркем сөз өнерінің хас шебері. Оның туындыларында көркемдік, мазмұн, пішін жағынан ерекшелік басым.

1976 жылы Оралхан Бөкей «Құлыным менің» пьесасы үшін Қазақстан Республикасы Жастар сыйлығының лауреаты, 1978 жылы «Найзағай ізі» повестері мен әңгімелері үшін Н. Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың лауреаты, 1986 жылы «Біздің жақта қыс ұзақ» повестері мен әңгімелері үшін Абай атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері. Қаламгерге арнап институтымыздың «Аққу» әдеби бірлестігінің жетекшісі ф.ғ.к., доцент Лаура Ноғайбекқызының ұйымдастыруымен «Өз отыңды өшірме» атты әдеби-танымдық кеш өткізілді.

Дариға Сакупова
ҚТ-21-01 тобының студенті

# ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ДАЛАЛЫҚ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ



***Археология ерекше ғылым саласы, іздеу, ашу және олжаны табу өте қызықты. Қазақстанда өткен тарихты зерделеу және сақтау мақсатында кең ауқымды археологиялық жұмыстар жүргізіледі. Осы ауқымды жұмыстар арқылы өскелең ұрпаққа өткен тарихты және археологияны таныстырып, насихаттау біздің міндетіміз.***

***Кезекті қазба маусымы 2023 жылы жазғы дала маусымының археологиялық студенттік практикасы Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының аумағында, Қызылтас кентінің маңында, аттас Қызылтас қорымында өтті.***

Т-22-01 тобының студенттері т.ғ.к., магистрі, аға оқытушы А.К. Шоқатованың жетекшілігімен, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің археология кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент Ұ. Үмітқалиұлы бастаған топтың құрамында далалық археологиялық тәжірибеден өтті.





Бұл тәжірибенің негізгі міндеттері – студенттерді археологиялық нысандармен жұмыс істеуге үйрету, сондай-ақ экспедицияда жұмыс істеудің негізгі дағдыларын қалыптастыру. Студенттер археолог-тарихшы жұмысының нақты атмосферасын сезінуге мүмкіндік алды. Сонымен қатар, экспедицияға қатысушылар өзара міндеттерді бөлісуді үйренді. Мәселен, тәжірибе барысында біз лагерь құруды, шатыр орнатуды және лагерь жағдайында тамақтануды, орынды таңдауды және қазба жұмыстарын жүргізуді, табылған үлгілерді тазалау және жүйелеуді үйрендік.

Археологиялық жұмыстар 4 жерлеу ескерткіштерінде жүргізілді, олардың үшеуі қола дәуіріне жатады, ерте темір дәуіріндегі төртінші «Мұртты» қорған. Қазба жұмыстары алдында студенттерге дәрістер оқылып, ескерткішті секторлар бойынша қалай бөлуге болатындығы түсіндірілді. Жоғары курс студенттері тастарды топырақтан тазарту әдістерін көрсетті.

Күнделікті қазба жұмыстарынан басқа студенттер белгілі археолог-ғалым З. Самашевтің дәрістерін тыңдап, өлке тарихы бойынша сұрақтар қоя алды. З.Самашев ШҚО-да жүргізіліп жатқан кешенді археологиялық зерттеулердің жетекшісі. Бес жылдан астам уақыт бойы оның басшылығымен Ақбауыр археологиялық кешені жұмыс істейді, онда студенттер петроглифтермен, жерлеу ескерткіштерімен және алғашқы өңдеу далалық зертханасымен танысу үшін экскурсияға барды.

Қазба жұмыстары барысында біз қорғанды тануды, сипаттауды, әдістемелік қазуды тәжірибе арқылы үйрендік және археолог ғалымдардан ғылыми-әдістемелік көмек алып, білімдерімізді шыңдай білдік. Қазба жұмыстарының қыр-сырымен таныстық.

Жандаулет Ауганбай
Т-22-01 тобының студенті



# МЕЖДУНАРОДНЫЙ КОНГРЕСС «ПСИХОЛОГИЯ XXI СТОЛЕТИЯ»

***С 15 по 17 сентября в Астане состоялся Международный конгресс «Психология XXI столетия»***

В жизни каждого случаются моменты, когда ты ощущаешь себя, как в кино. События, которые поражают тебя своим масштабом и погружают в интересные сюжеты. Подобная мысль пришла мне в голову, как только я оказался на международном конгрессе «Психология XXI столетия», который прошел в Астане 15-17 сентября 2023 года. Это было поистине грандиозно. Изучая психологию в стенах вуза, всегда было любопытно, каково оказаться среди реальных представителей своей будущей профессии. И я искренне рад, что мое первое знакомство с ними началось с конгресса. То, что раньше было представлением, я прожил наяву. Два насыщенных дня в окружении профессионалов своего дела. У всех разные направления, но объединяет их одно – любовь и интерес к психологии. Собрание началось с шикарного выступления руководителя конгресса Владимира Васильевича Козлова, в ходе которого был проведен анализ нынешних тенденций в современной психологии. Далее были представлены интересные доклады, каждый из которых напоминал мне о том, какой же прекрасный я выбрал путь. В такой доброжелательной атмосфере каждая минута была пропитана знанием и энергией. На многие вопросы были получены ответы благодаря нетворкингу в процессе работы конгресса. Удалось познакомиться с практикующими психологами, которые поделились ценной информацией. Второй день начался непосредственно с практики.




Мне интересно было узнать про метод расстановок, поэтому я записался в мастерскую А.А. Габбасовой и Р.Ф. Галимовой. Более того, удалось побывать не только в качестве зрителя, но и самому поучаствовать в данном методе. Это был уникальный опыт. Далее мы вновь слушали доклады участников конгресса. Отметил для себя доклад о профайлинге, так как меня интересует данное направление.

Конгресс «Психология XXI столетия» – событие, подарившее множество эмоций и знаний. Погрузившись в атмосферу современной психологии, определелил для себя новые цели и с обновленным взглядом готов двигаться дальше. Огромная благодарность нашему вузу за то, что открывает для студентов подобные события и, конечно, всему конгрессу. С нетерпением жду следующий!

Дархан Аскаров,
студент группы ПП-21-01,
обладатель стипендии
Президента РК,
победитель в номинации
«Лучший студент 2023 года»

С 15 по 17 сентября я посетила Международный конгресс «Психология XXI столетия».

Это был мой первый опыт посещения подобного мероприятия. Два дня работы конгресса были очень насыщены, и я получила много приятных впечатлений.

На конгрессе с докладами выступили практикующие психологи из разных городов Казахстана и России. Были освещены различные темы, касающиеся психологической науки, что вызвало у меня интерес, мотивацию изучать и развиваться дальше по своей специальности. Мне удалось познакомиться и пообщаться с некоторыми из участников, и было приятно, что психологическое сообщество очень открытое и дружелюбное.

Я также приняла участие в тренинге А.А. Дегтярёва «Счастье как личный проект», где мне понравилась не только программа тренинга, но и продуманная тренером подача материала. Здесь я узнала несколько полезных и интересных техник.

Участвуя в конгрессе, я услышала много полезной информации и приобрела ценный профессиональный опыт. Хочу выразить благодарность д.психол.н., профессору кафедры педагогики Т.А. Абдрашитовой за то, что знакомит нас с миром науки Психологии.

Ксения Домина,
студент группы ПП-21-01,
лидер студенческого самоуправления




# ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

***Еңбек күні – бұл адамдарды жаңа еңбек шыңдарын бағындыруға ынталандыруға, қолдауға және шабыттандыруға арналған мереке. Қазақстанда Еңбек күні қыркүйектің соңғы жексенбісінде аталып өтеді. Еңбек күніне орай А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен «Халық ағарту ісінің үздігі», еңбек ардагері Ризабек Нарманбетұлымен «Ұстаз ұлағаты» тақырыбында кездесу өткізді.***

Ардақты әке, қадірлі ақсақал, үлгілі отбасының ұйытқысы, ұлағатты ұстаз Ризабек Нарманбетұлының өнегелі ғұмыры жас ұрпаққа үлкен мектеп. Ағайдың бойындағы өнерге деген құштарлық, шәкіртке деген құрмет, әріптестеріне деген ізеттілік әрқашан байқалып тұрады. Алаш қайраткері Қошке Кемеңгерұлының немересі деген абыройлы туын биіктетуде ағайдың еңбегі зор. Ұстазымыздың әр ісінен ата абыройына кір келтірмеудің, ата жолын құрметтеудің жолын анық байқаймыз.

Шараға институт проректоры тарих ғылымдарының докторы, профессор Қадыр Әбілжанұлы Ахметов қатысып, маман даярлаудағы кейіпкеріміздің тағылымды өмір жолы мен ғылыми-педагогикалық қызметі туралы тұшымды ойларымен бөлісті.

Кездесудің жоғары деңгейде өтуіне ат салысқан студенттерге, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессорлар-оқытушылар құрамына, кітапхана қызметкерлеріне алғыс білдіреміз.

Аслан Есімханұлы
қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының меңгерушісі,
философия докторы (PhD), доцент

# АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ - ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНЕ ЕНУ



***Қазіргі таңда еліміздің бәсекеге қабілетті дамыған елдер қатарына енуі үшін көптеген бағытта даму шаралары жүзеге асырылып жатыр. Сол салалардың басында еліміздің білім беру дәрежесін әлемдік білім беру кеңістігіне көтеру болып табылады. Осы мақсатта ЖОО-да студенттерге өзге оқу орындарында белгілі бір мерзімге алмасып оқу мүмкіндігін беретін академиялық ұтқырлық бағдарламасы айтарлықтай нәтижесін беруде.***

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы өзін жаңа ортада жаңа мүмкіндіктермен көргісі келетін, ізденімпаз, белсенді студенттер үшін таптырмас бағдарлама екені сөзсіз. Астана қаласындағы А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында осы бағдарлама аясында 1 семестр бойы оқи жүріп менің осыған көзім жетті. Еліміздің жетекші мемлекеттік емес ЖОО-ның қатарына енген А.Қ.Құсайынов атындағы ЕАГИ ыстық ықыласымен баурап алды. Қысқа ғана мерзім ішінде жаңа білім ордасына қалай бауыр басқанымызды байқамай да қалдық. Студенттік шағымыздың қызық та ұмытылмас сәттерін, тәтті естеліктерін жиып та үлгердік, жаңа таныстықпен жаңа достар да табылды. Институт қабырғасында оқи жүріп алған білімім мен жинаған тәжірибем аз болған жоқ, білетінім тоғыз, білмейтінім тоқсан тоғыз екенін түсіндім. Мұндағы оқытудың өзіндік ерекшеліктерін байқадым, өзім үшін көптеген жаңалықтар аштым. Институттың оқыту үрдісінде әртүрлі заманауи оқу әдістері мен стратегиялары қолданылады. Олар теориялық лекциялар, практикалық сабақтар және семинарлар. Одан басқа білім алушылар кафедра ішінде жүргізілетін оқудан тыс әртүрлі іс-шараларға қатысып, өздерін жан-жақты көрсете алады, тіпті көптеген мерекелік шараларды ұйымдастырумен студенттер өздері айналысады. Яғни, оқу ордасы тек қана теориялық білім берумен ғана шектелмей, оны практикада қолданумызға, рухани дамуымызға, сонымен қатар қоғаммен етене жақын болуымызға үлкен мүмкіндіктер ұсынады. Бұл дегеніміз студенттер өз бойларындағы жасырын таланттары мен қабілеттерін мақтанышпен жария ете алады. «Білікті ұстаз - сапалы білім негізі» демекші, институт оқытушыларының біліктілігі мен шәкірт тәрбиелеудегі ерен еңбектерін де ерекше атап өтпесе болмас. Әсіресе, Лаура Ноғайбекқызы, Сұңқарбек Батанұлы және кураторымыз Аслан Есімханұлы секілді білгір де білімді, өз ісінің нағыз шеберлерінен тәлім ала жүріп өзімнің болашақ мамандығыма деген сүйіспеншілігімнің арта түскенін жасырмаймын. Білімді ұрпақты, бәсекеге қабілетті мамандарды білімді мұғалімдер, жан-жақты кемел ұстаздар ғана тәрбиелеп шыға алады. Осы тұста бір байқағаным ұстаздарымыз бізді маман ретінде ғана емес, адам ретінде де тәрбиелеуге барын салуда.

Айтқым келгені, академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында болашақ педагог кадрларды әзірлеу және қалыптастыру сияқты жұмыстар өз нәтижесін артығымен бере алады. Ендігі тұста жас ұрпақты білім нәрімен сусындатар, шәкірт жүрегіне гүл егер, бала жанының бағбаны болу үшін барымды салмақпын.

Аружан Мутал,
М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан
университетінің студенті

# МОЙ ПУТЬ К ПРЕЗИДЕНТСКОЙ СТИПЕНДИИ



***Президентская стипендия предоставляется студентам, которые достигли выдающихся результатов в учебе и общественной деятельности. Это означает, что обладатель Президентской стипендии обязан поддерживать высокие стандарты как в учебе, так и в поведении. Для меня Президентская стипендия стала мощным мотиватором для личного роста и развития.***

Во-первых, Президентская стипендия подчеркивает важность образования. Она признает тот факт, что обучение - это ключ к развитию личности и общества. Получение этой стипендии стало для меня подтверждением того, что учеба имеет значение, и что усердие и посвященность образованию могут быть вознаграждены.

Во-вторых, Президентская стипендия повышает самооценку и уверенность. Зная, что моя усердная работа и старания были замечены и оценены, я чувствую себя более уверенной в своих способностях и мотивированной продолжать работать над своими целями.

Научная деятельность всегда была моим страстным интересом. С первых дней в вузе я стремилась не только учиться, но и получать дополнительные знания и расширять свои горизонты. Моя любовь к науке позволила мне выбрать себе научного руководителя, который поддерживал мои интересы и стимулировал мое научное развитие.

В процессе своей научной деятельности я занималась исследованиями в области экономики и финансов. Мои проекты были направлены на решение актуальных проблем и на поиск новых решений. Я участвовала в проведении экспериментов, анализе данных и формулировании научных выводов. Публикации в научных журналах и выступления с научными докладами на конференциях – это показатели моих научных достижений. Моя победа в конкурсе на получение Президентской стипендии была результатом многих факторов, включая академические успехи, общественную активность, поддержку со стороны профессоров и личные качества. Я верю, что моя преданность образованию и стремление к достижению высоких стандартов во всех сферах моей жизни сделали меня достойной этой почетной стипендии.

И в заключение хотелось бы выразить слова благодарности профессорско-преподавательскому составу кафедры экономических и математических дисциплин нашего Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова за предоставленную возможность расти и развиваться. Это учебное заведение стало для меня не только местом для получения знаний, но и источником вдохновения и развития в моей жизни.

Гулим Абдибекова,
студент группы Ф-20-01,
обладатель стипендии
Президента РК,
победитель в номинации
«Лучший студент 2023 года»

# ВДОХНОВЕНИЕ, ЧТОБЫ УЧИТЬСЯ И РАЗВИВАТЬСЯ



***Участие в олимпиадах по английскому языку – это мероприятие, на котором можно не только показать свои знания и умения, но и получить уникальную возможность открыть перед собой новые горизонты. Я хочу рассказать, почему я участвую в олимпиадах по английскому языку, какие впечатления остаются у меня от таких соревнований, и что же меня вдохновляет на них.***

Полюбила я английский язык еще в школе. Этот язык сразу вызвал у меня интерес и желание изучать его. Это действительно уникальный и мировой язык, на котором мы с легкостью можем общаться с людьми из разных стран и понимать их. Знания языка помогут нам открыть любую дверь в будущем: качественное образование зарубежом, хорошая работа, новые знакомства, путешествия и так далее. По моему мнению, олимпиады по английскому языку – это отличная возможность усовершенствовать свои навыки чтения, письма, говорения и понимания на английском. Постоянное обучение, практика в ходе подготовки к олимпиадам помогли мне значительно улучшить свой уровень владения языком. Также я считаю, что олимпиады по английскому объединяют людей со всего мира, которые разделяют общую любовь и интерес к языку. Это позволяет расширить свой кругозор, завести друзей из разных стран, а также узнать о культуре и традициях других этносов. Участие в олимпиадах по английскому стали для меня классным опытом. Эти мероприятия предоставили мне возможность испытать себя, узнать свои сильные и слабые стороны, а также научиться работать в соревновательной атмосфере. Каждая пройденная олимпиада помогала мне расти как студенту, так и личности.

За такие крутые возможности проявить себя, я, в первую очередь, благодарна преподавательскому составу кафедры иностранных языков и, в частности, своему преподавателю английского языка – Анар Мадибековне Сарсеновой, которая давала ценные знания, всегда поддерживала и вдохновляла меня учиться и развиваться. Также мои родители всегда верили в меня и поддерживали. Их поддержка и вера в меня были моими главными источниками мотивации. А самое главное – это то, что встреча с талантливыми и преданными участниками олимпиад всегда вдохновляет меня стремиться к высшим стандартам и совершенствовать свои навыки.

Участие в олимпиадах по английскому языку для меня стало важной частью моего личного и профессионального развития. Это позволило мне не только углубить знание английского, но и приобрести новых друзей, навыки и бесценный опыт.

Мадина Картаева,
студент группы ПД-21-01

# ОРИЕНТАЦИОННАЯ НЕДЕЛЯ




С 1 сентября начался учебный год, наш первый учебный год в Евразийском гуманитарном институте имени А.К. Кусаинова. Для нас, студентов группы ЮР-23-01, он начался довольно интересно. На торжественном мероприятии мы прослушали выступления руководителей кафедрами, но особенно впечатлили проректор по воспитательной работе Я.Н. Оспанова и заведующий кафедрой юридических дисциплин К.З. Идрисов, он же ведёт у нас предмет «история государства и права». Там же мы впервые встретили нашего куратора А.К. Балжанову, которая преподаёт нам римское право. После торжественной линейки мы прошли в аудиторию, где перед нами выступил К.С. Калдыбаев и поздравил нас с началом учебного года и новым этапом в нашей жизни.

С 4 сентября началась наша ориентационная неделя, во время которой нас познакомили с историей института, с личностью А.К. Кусаинова, основателя вуза, и многими достижениями преподавателей и студентов. Также состоялось знакомство с преподавательским составом и учебным планом. С каждым днем становилось только интереснее, мы узнавали много нового для себя, вместе выбрали старосту и не ошиблись с выбором. Студенты группы ЮР-23-01 имеют разнообразные увлечения, и они точно не будут оставаться в стороне от мероприятий и активной жизни ВУЗа.

Мы познакомились с КДМ, с работой кружков и секций; выбрали интересующие нас направления социокультурной деятельности. Большинство студентов выбрали фракцию права и добропорядочности, так как считаем, что именно здесь сможем приобрести дополнительные профессиональные умения и навыки.

На следующий день нам представили дисциплины, которые предстоит изучать на 1 курсе, более подробно рассказали об особенностях обучения по кредитной технологии, познакомили с преподавателями, мы также узнали, какие нас ждут экзамены.

Третий день мы провели в неформальной обстановке, ближе узнали друг друга. Все мои одногруппники положительно отзываются друг о друге, и сейчас хочется процитировать некоторых студентов из группы ЮР-23-01.

«Все дружелюбны и приветливы, и даже такой социофоб, как я, находит себе родственные души и тех, с кем можно найти общие темы для обсуждения, причем не только из числа студентов», - говорит Анастасия Мекко.

«Институт предоставляет широкий спектр возможностей для учебы и развития. Я уверена, что выбрала правильное место для своего образования», - делится впечатлениями Ругайя Акперова после знакомства с историей института и предложенными для изучения учебными дисциплинами.

«В первые дни я очень волновалась, смогу ли я найти общий язык с одногруппниками и преподавателями, однако сейчас могу смело говорить, что мне комфортно на каждом занятии, а также в общении с моими одногруппниками. Появилась мотивация учиться у наших преподавателей и наставников-старшекурсников», - высказывает свое мнение Карашаш Хасенова.

В общем, всем студентам – будущим юристам понравилась ориентационная неделя. Мы благодарны преподавателям за то, что они познакомили нас с институтом, с особенностями обучения по нашей образовательной программе. Очень надеемся, что для всех первокурсников Евразийского гуманитарного института первые дни в вузе прошли так же увлекательно и легко, как и для нашей группы. Всем удачи! Всегда готовые к совместной деятельности с вами - студенты группы ЮР-23-01.

Алуа Айбекқызы,
студент группы ЮР-23-01

## ЖАСТАР ЖЫРЛАЙДЫ

### БАУЫРЛАР

Бауырларым, өмірім, алдаспаным,
Кішкентайдан бірге өскен, сырластарым.
Бауырларым алтыннан да қымбат жандар,
Өмірдегі ең жақын қандастарым.

Жан дүниемді түсінер Бауырларым,
Қорғанышым, жанашыр, жақындарым.
Қиын сәтте демеушім, тіреу болар,
Мерейінді әрқашан асырамын.

Өмір жолын өздеріңмен бастап келем,
Қалайша орта жолдан тастап кетем.
Тірегім де, жүрегім де Бауырларым,
Бауыр мен бір болуды мақсат көрем.

### ӨМІР

Кемшіліксіз адам жоқ бұл жалғанда,
Өз жолыңда сүрініп құлағанда.
Қателескен болсаң болды адасасың,
Мақсат болса, алдыға ұмтыласың.

Өмір мәні – жүректің тазалығы,
Өмір сүру – жаратқанның берген сыйы.
Өмір маған ата-ана, бауыр жақын,
Қанатымен құсты да ұшырғаны.

Диас Төлешов
6В01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»
білім беру бағдарламасының 2 курс студенті

### ДОМБЫРА

Ғасырдың сыры – ДОМБЫРА,
Тарих бұл тірі – ДОМБЫРА.

Атамның көзі – ДОМБЫРА,
Әжемнің сөзі – ДОМБЫРА.
Жүректің сазы – ДОМБЫРА,
Көңілдің назы – ДОМБЫРА.

Даламның күйі – ДОМБЫРА,
Бабамның сыйы – ДОМБЫРА.

Баламның үні – ДОМБЫРА,
Мұрамның бірі – ДОМБЫРА.

Қазақтың жаны – ДОМБЫРА,
Ұлтымның бағы – ДОМБЫРА.

Азаттық таңы – ДОМБЫРА!

Бекмұрат Өмірбек
№94 мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
ЕАГИ-дің түлегі

### ТӘКАППАР ТАРТЫП ТАМЫРДЫ

«Сырымды сақтап, үмітті мүлдем үзбеші,
Мұңдарды ысырып, қуаныш кешті іздеші...»
Көңілде қанша сайрағанменен бұл сөздер,
Жадыңда мұң бар, мұңайтқан мына күз кеші.
Ару қыз келед көшені сызып баяулап,
Жетуге мыңға, мұң менен сырға таяу-ақ.
Күдікшіл ойлар толғантып тағы қояды,
Түнерген аспан, түні де тыныш саябақ.
Күтуде жігіт келмейтіндей боп ешкімі,
Зымырап уақыт, сырғып ағады бос түні.
Жүректе сенім жайдары жайсаң жігіттің,
Қолында тұр ғой жұпар иісті хош гүлі.
Қобалжып жүрек, төс қалтасында жүзік тұр,
Көңілі мұңлы, жетелеп алға үзік сыр.
Болғанмен сенім жүректің ішкі сырында,
Көңілі бірақ кештерде мына күдікшіл.
Болардай тылсым қуаныш кернеп бос мұңнан,
Қалғандай болып бір-бірін көріп тосыннан.
Таяулап келіп, көргенде нұрлы дидарын,
Айлы түндер де сыңарын тауып қосылған.
Жап-жарық ай тұр күлімдегендей түнгілік,
Сырласып іштей, ойына келіп мың күдік.
Жұпар иісті гүл менен алып жүзікті
Өз сезім сырын аруға тұрды білдіріп.

Ақмарал Қосылбекова
№85 мектеп-лицей
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
ЕАГИ-дің түлегі

# ИТОГИ КОНКУРСА ВИДЕОРОЛИКОВ

***19 сентября 2023 года в нашем институте состоялась церемония подведения итогов конкурса видеороликов на тему: «Любимый образ из кино», организованного фракцией «Информация» Студенческого Парламента ЕАГИ совместно с Управлением по борьбе с наркопреступностью Департамента полиции г. Астана.***



Для нас было важно показать здоровые инициативы как альтернативу девиантным проявлениям, которые сегодня встречаются среди молодежи, а также оказать поддержку студентам в развитии художественных навыков. В течение нескольких дней конкурсная комиссия определяла лучшие студенческие видео-работы в сфере современного творчества и культуры.

Победителями конкурса видеороликов «Любимый образ из кино» признаны следующие участники:

1 место – Алина Бабанская, студент образовательной программы «Педагогика и психология» (академическая группа ППТ-23-01);

2 место – Айдана Рамазан, студент образовательной программы «Переводческое дело» (академическая группа ПДТ-22-01);

3 место – Диана Амангельдиева, студент образовательной программы «Юриспруденция» (академическая группа ЮР-20-01).

Победителями конкурса в номинациях стали:

– «Лучший положительный герой» – Сапар Бейсен, студент образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка» (академическая группа ШТ-22-01);

– «Самый креативный видеоролик» – Асия Маратова, студент образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка» (академическая группа ШТ-22-01).

Старшим оперуполномоченным управления по противодействию наркопреступности Департамента полиции г. Астана майором полиции Алией Кибаткызы победителям и призерам были вручены кубки, грамоты и ценные подарки. Поздравляем всех победителей! А впереди нас ждут новые интересные студенческие мероприятия!

Гани Салимжуаров,
студент группы ЮР-20-01,
Президент Студенческого
Парламента

## *Құттықтаймыз!*

***6В01701 – "Қазақ тілі мен әдебиеті" білім беру бағдарламасының 1-курс студенті Ләззат Мейрамбекқызы Джембай Астана қаласы әкімінің мектеп түлектеріне арналған елорданың жоғары оқу орындарында тегін оқу үшін әлеуметтік көмек көрсету сертификатына ие болды.***



# МОЙ ЛЮБИМЫЙ ПЕРСОНАЖ

***В нашем институте всегда находят поддержку инициативы со стороны студентов. Вот и сейчас фракцией «Искусство и культура» Студенческого Парламента ЕАГИ, студенческим клубом «Индиго» совместно с Управлением по борьбе с наркопреступностью Департамента полиции г. Астана был проведен художественный конкурс на тему: «Мой любимый персонаж».***




Целью этого мероприятия явились популяризация здорового образа жизни, выявление, развитие и поддержка творческих способностей студентов. Работы участников были выполнены в разных техниках и стилях. Студенты с огромным энтузиазмом и упорством проявили свой творческий талант.

Ну а победителями конкурса признаны следующие участники:

1 место – Аянат Салимова, студент образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка» (академическая группа ШТ-23-02);
2 место – Дария Панченко, студент образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка» (академическая группа ИЯ-23-01);
3 место – Замира Исламова, студент образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка» (академическая группа ИЯ-23-01).

Победителями конкурса в номинациях стали:

– «Самый яркий рисунок» – Амина Ербосынова, студент образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка» (академическая группа ШТ-23-03);

– «Самый реалистичный рисунок» – Екатерина Машкина, студент образовательной программы «Педагогика и методика начального обучения» (академическая группа НО-23-01);

– «Самый завораживающий рисунок» – Жамиля Ерболатова, студент образовательной программы «Педагогика и психология» (академическая группа ПП-23-01);

– «Самый креативный рисунок» – Аружан Абилдин, студент образовательной программы «Переводческое дело» (академическая группа АІ-23-01).

От имени руководства института проректор Ярослава Николаевна Оспанова вручила победителям дипломы и билеты на фестиваль «Comic Con Astana-2023» с участием голливудских актёров Майкла Рукера, Шона Ганна, Александра Кузнецова, Пьера Спенглера.

Также все победители и номинанты были отмечены дипломами и ценными подарками Управления по борьбе с наркопреступностью Департамента полиции г. Астана, которые вручила старший оперуполномоченный управления по противодействию наркопреступности Департамента полиции г. Астана майор полиции Алия Кибаткызы.

Аружан Жумабаева,
студент группы ШТ-22-01,
руководитель фракции
«Искусство и культура»
Студенческого Парламента ЕАГИ

# «COMIC CON ASTANA - 2023»



В нашем Евразийском гуманитарном институте им. А.К. Кусаинова был объявлен конкурс видеороликов на тему: «Любимый образ из кино», который организовали лидеры фракции «Информация» Студенческого Парламента ЕАГИ совместно с Управлением по борьбе с наркопреступностью Департамента полиции г. Астана. Я сразу решила принять в нем участие. И к моей большой радости я в этом конкурсе победила!

На церемонии награждения от имени руководства института проректор Я.Н. Оспанова вручила победителям, в том числе и мне, билеты на фестиваль «Comic Con Astana-2023» с участием голливудских актёров!

И вот уже я на долгожданном «Comic Con Astana-2023», который проходил 15-17 сентября в нашей замечательной столице! Волонтеры помогали с 9 утра до 21:00,так как поток людей был слишком большой.

Само мероприятие длилось целых 3 дня!

В 1-й день была шоу-программа «Больше Marvel//DC наклона». Было много косплеев, таких как: человек-паук, бэтмен, супервулкан, супермен, женщина-кошка и т.д.

2-й день был посвящен аниме стилю. Мы смогли увидеть персонажей из таких аниме, как: «Безумный азарт», «Атака титанов», «Наруто», «Магическая битва» и т.д. Этот день запомнился еще и тем, что зрителей развлекали танцоры, состоялся розыгрыш 1000000 тенге, показали косплеев, присутствовало большое количество фанатов и просто любознательных людей, выступили блогеры Хома, Диас и многие другие.

3-й день был посвящен видеоиграм. Ярко прошел турнир по «Mobile Legends». А также всех впечатлила Японская кухня.

В общем, было море развлечений и веселья, и даже зона для тиктокеров! Значимым событием фестиваля «Comic Con Astana-2023» стало участие голливудских актёров из фильмов Marvel: Майкла Рукера, Шона Ганна, Александра Кузнецова, Пьера Спенглера.

Фестиваль стал для меня ярким и незабываемым событием, оставив столько приятных воспоминаний!

Спасибо ЕАГИ за предоставленную возможность!

Алина Бабанская,
студент группы ППТ-23-01



Газета Евразийского гуманитарного института им. А.К. Кусаинова
"Жас ұрпақ"
Учредитель: Ректорат ЕАГИ

Регистрационное свидетельство № 992-Г от 19.12.1999 г.
Выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Редактор: Я. Оспанова
Верстка: А. Заркешева
Тираж: 500 экз.
Газет тоқсан сайын шығады.
Выходит ежеквартально.

Адрес:
г. Астана, пр. Жумабаева, 4.
E-mail: eagi@list.ru
www.egi.edu.kz